

## Жинақтаушы зейнетақы қорлары кастодиан-банктерінің күнделікті электрондық есеп беру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 136 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 27 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2323. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 386 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорлары кастодиан-банктерінің күнделікті электрондық есеп беру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 136 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2323 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 11 басылымдарында 2003 жылғы 19 мамырда - 1 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.*

*Төраға*

-----

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 1-тармағына сәйкес және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің жай-күйін жедел бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қа у л ы е т е д і :

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары кастодиан-банктерінің күнделікті электрондық есеп беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Жинақтаушы зейнетақы қорлары кастодиан-банктерінің күнделікті электрондық есеп берушілік қағидаларын бекіту туралы" 1999 жылғы 14 қазандағы N 455 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін

мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 939 тіркелген, 1999 жылғы қарашада " Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, N 11) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының барлық мүдделі бөлімшелеріне, кастодиан-банктерге, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ф.Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастан он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

*Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі Басқармасының "Жинақтаушы  
зейнетақы қорлары кастодиан-банктерінің  
күнделікті электрондық  
есеп беру ережесін бекіту туралы"  
2003 жылғы 21 сәуірдегі N 136  
қаулысымен бекітілген

**Жинақтаушы зейнетақы қорлары кастодиан-банктерінің  
күнделікті электрондық есеп беру  
ережесі**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы " Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 1-тармағына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің жай-күйін жедел бақылауды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорлары кастодиан-банктерінің (бұдан әрі - кастодиан банк) зейнетақы активтерінің жай-күйі туралы күнделікті электрондық есеп беру тәртібін белгілейді.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде пайдаланылған ұғымдар мынаны білдіреді:

1) есеп беру - үлгі нысандардан тұратын, кастодиан-банктің зейнетақы активтерінің жай-күйі туралы күнделікті электрондық есебі.

2) меншікті бағдарламалық қамтамасыз ету - үлгі нысандарды толтыру дұрыстығын тексеру жөнінде кастодиан-банк әзірлеген компьютерлік бағдарлама .

3) арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету - кастодиан-банкке уәкілетті орган беретін, үлгі нысандарды толтыру жөніндегі анықтамалық және компьютерлік бағдарлама .

4) анықтамалық - үлгі нысандарды толтыру кезінде кастодиан-банк пайдаланатын электрондық деректер базасы.

5) үлгі нысандар - кастодиан-банктің тізбесі мен осы Ереженің қосымшасында белгіленген зейнетақы активтерінің жай-күйі туралы күнделікті электрондық есебі .

6) уәкілетті орган - жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиан-банктердің, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

## 2. Уәкілетті орган кастодиан-банкті:

1) электрондық почтаның есеп берілуі тиіс адрестерімен;

2) барлық кастодиан-банктер үшін бірыңғай, үлгі нысандарды толтыру және есеп беруді жөнелту кезінде пайдаланылатын арнайы бағдарламалық қамтамасыз етумен және тиісті техникалық құжаттамамен;

3) үлгі нысандарды толтыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстармен қамтамасыз етеді.

3. Уәкілетті орган кастодиан-банкпен алынған есептегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

## **2-тарау. Үлгі нысандарды толтыру және есепті беру (жөнелту) тәртібі**

4. Кастодиан-банк өткен жұмыс күнгі есепті уәкілетті органға келесі жұмыс күні, Алматы уақыты бойынша 15.00 сағаттан кешіктірмей электрондық почтамен береді.

5. Кастодиан-банк анықтамалыққа қол жеткізу және есепті беру үшін уәкілетті органнан кастодиан-банктің бірінші басшысы қол қойған және кастодиан-банк мөрінің таңбасымен расталған жазбаша өтініші бойынша кез келген уақытта өзгеруі мүмкін пайдаланушының атын (пайдаланушылардың аттарын) және паролін (паролдерін) алуы тиіс.

6. Кастодиан-банктер үлгі нысандарды уәкілетті орган қалыптастырған және кастодиан-банкке электрондық почтамен берілген, жанартылған анықтамалықтан алынған мәліметтерге сәйкес толтырады.

7. Анықтамалық жаңартылғаннан кейін кастодиан-банк үлгі нысандарды уәкілетті органнан алынған нұсқаулар мен әдістемелік ұсыныстарға сәйкес толтырады.

8. Үлгі нысандар әрбір жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша жеке толтырылады. Зейнетақы активтерінің әрбір жеке қозғалысы үлгі нысанның жеке жолында көрсетілуі тиіс.

9. Үлгі нысандарды толтыру аяқталғаннан кейін кастодиан-банк оларды меншікті бағдарламалық қамтамасыз етуді және/немесе арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып тексереді. Үлгі нысандарды тексеру аяқталғаннан кейін кастодиан-банк есепті уәкілетті органға береді.

10. Ерекше жағдайларда, есепті электрондық почтамен беру мүмкін болмаған кезде толтырылған үлгі нысандар уәкілетті органға қағазға басылып беріледі. Бұл ретте толтырылған әрбір жеке үлгі нысанға кастодиан-банктің бірінші басшысы мен бас бухгалтері қол қоюы және мөрінің таңбасымен расталуы тиіс. Толтырылған үлгі нысандар қағазға басылып берілген кезде кастодиан-банк олардың кейіннен электрондық почтамен берілуін қамтамасыз етеді.

11. Егер есеп уәкілетті органға берілгеннен кейін үлгі нысандарда қателер анықталған жағдайда, кастодиан-банк үш күн ішінде бірінші басшы қол қойған жазбаша түсінікті уәкілетті органға және түзетілген есепті уәкілетті органға береді.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

12. Кастодиан-банктер осы Ережеде белгіленген талаптарды орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары  
кастодиан-банктерінің күнделікті  
электрондық есеп беру ережесіне  
қосымша

**Жинақтаушы зейнетақы қорлары кастодиан-банктерінің  
күнделікті электрондық есеп беру үлгі нысандарының  
тізбесі және мазмұны**

**" А Қ Ш А**

**Б А Л А Н С Ы "**

**RC001 үлгі нысаны**

1. Валюта коды (анықтамалыққа сәйкес).
2. Шот үлгісінің коды (анықтамалыққа сәйкес).
3. Күн басындағы ақша қалдығы.

4. Күн соңындағы ақша қалдығы.

**" А Қ Ш А**

**Қ О З Ғ А Л Ы С Ы "**

**RC002 үлгі нысаны**

1. Валюта коды (анықтамалыққа сәйкес).
2. Шот үлгісінің коды (анықтамалыққа сәйкес).
3. Төлем түрінің коды (анықтамалыққа сәйкес).

4. Төлем сомасы.

## "САЛЫМДАР

## ПОРТФЕЛІ"

### RC003 үлгі нысаны

1. Банктік салым шарттың коды (банк өзі қалыптастырады).
2. Операция үлгісінің коды (анықтамалыққа сәйкес).
3. Салымдардың күн соңындағы саны.
4. С а л ы м н ы ң с о м а с ы .
5. Инвестициялық шоттан салымға ақша аударылған күн.
6. Салым валютасының салым төлемінің валютасына қатысты бағамы.
7. Салымға ақша нақты түскен күн.
8. Салымда қалған ақшаның сомасы (осы жол салым бойынша ақша ішінара қайтарылған жағдайда толтырылады).
9. Салым бойынша ақша қайтарылған күн.
10. Салым түрінің өзгерістерін ескере отырып салым бойынша сыйақы с т а в к а с ы .
11. Салым төлемі валютасының коды (анықтамалыққа сәйкес).
12. Зейнетақы активтері салымға орналастырылған банктің коды ( а н ы қ т а м а л ы қ қ а с ә й к е с ) .
13. Салым валютасының коды (анықтамалыққа сәйкес).
14. Банктік салым шартының нөмірі.
15. Салымның күндермен көрсетілген мерзімі.
16. Салым бойынша есептелген сыйақы.
17. Салымның теңгемен көрсетілген ағымдағы құны.

## "САЛЫМ ПОРТФЕЛІ БОЙЫНША ҚОЗҒАЛЫС"

### RC004 үлгі нысаны

1. Банктік салым шарттың коды (банк өзі қалыптастырады).
2. С а л ы м н ы ң с о м а с ы .
3. Операция үлгісінің анықтамалыққа сәйкес коды (салымға орналастыру; с а л ы м д ы қ а й т а р у ) .
4. Салымдар санының өзгерісі.
5. Инвестициялық шоттан салымға ақша аударылған күн.
6. Банктік салым шарты жасалған күн.
7. Салым бойынша ақша қайтарылған күн.
8. Салым бойынша ақшаның мерзімінен бұрын ішінара қайтарылған сома.
9. Салымға аударылған ақша сомасы.
10. Салым бойынша қайтарылған ақша сомасы және/немесе салым бойынша



жөніндегі мәміле валютасының бағамы.

13. Шетел валютасында номинацияланған бағалы қағаздар бойынша "кері репо" мәмілесінің жабылудағы өтінілген бағамы.

14. Бағалы қағаздарды төлеуге арналған төлем валютасының коды ( а н ы қ т а м а л ы қ қ а с ә й к е с ).

15. Мәміле жасаған брокердің коды (анықтамалыққа сәйкес).

16. "Кері репо" мәмілесі бойынша бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының сауда жүйесінде белгіленген кірістілік ставкасы.

17. Бағалы қағаз бойынша есептелген жиынтық сыйақы.

18. Теңгедегі бағалы қағаз бойынша ағымдағы жиынтық күн.

### **"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛІНДЕГІ ҚОЗҒАЛЫС" RC006 үлгі нұсқасы**

1. Бағалы қағаздың коды (анықтамалыққа сәйкес ұлттық бірегейлендіру нөмірі ( I S I N ) ) .

2. Операция үлгісінің коды (анықтамалыққа сәйкес).

3. "Репо" мәмілесінің коды.

4. Бағалы қағаздардың күн соңындағы саны. Бір үлгідегі, бірдей сатып алу шарттары бар бағалы қағаздар (бір текті сападағы, көптеген бағалы қағаздарды басқаларынан (оның ішінде сол эмитент шығарған бағалы қағаздардың басқа үлгілерінен де) біржақты ажыратуға мүмкіндік беретін сипаттамалары бар бағалы қағаздардың жиынтығы) үшін; санмен көрсетілмейтін халықаралық облигациялар үшін - сандық өзгеру бірлігі ретінде халықаралық облигацияның номиналдық құны көрсетілген шетел валютасының біреуі қолданылады).

5. Бағалы қағаздармен мәміле жасалған күн.

6. Инвестициялық шоттан бағалы қағаздарды төлеуге ақша аударылған күн.

7. Бағалы қағаздарды сатқан кезде инвестициялық шотқа ақша түскен күн (" кері репо" мәмілелері үшін - жабылған күн).

8. Бағалы қағаздарды сатып алу бағасы (бастапқы тану кезінде бағалы қағаздар нақты шығындары бойынша есепке алынады). Бағалы қағаздардың осы күнгі құнына сатушының купондық кірісі қосылмайды.

9. Бағалы қағаздарды сатудың нақты бағасы (бағалы қағаздардың осы күнгі құнына сатушының купондық кірісі қосылмайды).

10. Бағалы қағаздарды сатушының купондық кірісінің бағалы қағаздарды сатып алу кезіндегі есептелген сомасы.

11. Бағалы қағаздарды сатушының купондық кірісінің есептелген сомасы.

12. Шетел валютасында номинацияланған бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі мәміле валютасының бағамы (мәміле бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалған жағдайда).

13. Шетел валютасында номинацияланған бағалы қағаздарды сату жөніндегі

мәміле валютасының бағамы (мәміле бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалған жағдайда).

14. Бағалы қағаздарды төлеуге арналған төлем валютасының коды ( а н ы қ т а м а л ы қ қ а с ә й к е с ).

15. Бағалы қағаздарды сату кезіндегі төлем валютасының коды ( а н ы қ т а м а л ы қ қ а с ә й к е с ).

16. Мәміле жасаған брокердің коды (анықтамалыққа сәйкес).